

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитеті
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті
басшысының 2015 жылғы 19 ақпандағы
№ 74 бұйрығына 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жанындағы салықтық және кедендік әкімшілендіру мәселелері жөніндегі консультативтік кеңес туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жанындағы салықтық және кедендік әкімшілендіру мәселелері жөніндегі консультативтік кеңес (бұдан әрі- консультативтік кеңес) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жанындағы консультативтік кеңесші орган болып табылады.

2. Консультативтік кеңес қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасындағы салықтық және кедендік реттеуді жетілдіруде салық және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерге және тұлғаларға көмек көрсету, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімді әдістерін енгізу, мемлекеттік кірістер органдарына сенімді арттыру болып табылады.

3. Консультативтік кеңес қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексі, Кеден одағының Кеден кодексі, «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, Кеден одағының және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

2. Консультативтік кеңестің негізгі міндеттері

4. Консультативтік кеңестің негізгі міндеттері:

1) Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасындағы салықтық және кедендік реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстарыд және оны іске асыру механизмін әзірлеу және енгізу;

2) Қазақстан Республикасындағы салықтық және кедендік реттеу мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстарды дайындау;

3) салық және кеден саласындағы құқық қолдану практикасында туындайтын проблемалық мәселелерді талқылауға шығару;

4) Тауарлардың кедендік тазартуын және кедендік бақылауын жетілдіру мен оңайлату, Кеден одағының кедендік аумағы арқылы тауар айналымын тездетуге ықпал ететін жағдайлар жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік субъектілерінің, ұйымдары мен азаматтарының сыртқы экономикалық байланыстарын дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

5) салық және кеден саласында жасалған қылмыстар мен және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша талдау жүргізу;

6) қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шараларды жетілдіру жөнінде конструктивті ұсыныстарды дайындау болып табылады.

3. Консультативтік кеңесті қалыптастыру тәрітібі

5. Департамент басшысы болып табылатын, Консультативтік кеңестің төрағасы Консультативтік кеңесті басқарады.

6. Консультативтік кеңестің құрамы мыналардан:

1) департаменттің лауазымды тұлғаларынан;

2) сыртқы экономикалық қызметке қатысушысының мүддесін білдіретін жеке кәсіпкерлік жеке коммерциялық емес ұйымдар субъектілерінің, салық және кеден саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардан, өзге мүдделі тұлғалардан, оның ішінде қоғамдық бірлестіктерден қалыптасады.

Консультативтік кеңестің жұмысына оның мүшелерінен басқа шақырылған тұлғалар да (жеке тізім бойынша) қатыса алады.

7. Консультативтік кеңестің құрамы осы Ереженің 6 тармағында аталған, тұлғалардан жазбаша келісім алынғаннан кейін 2 жыл мерзімге 13 адамнан кем емес мөлшерде департамент басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4. Консультативтік кеңестің басшылығы

8. Кеден органының басшысы болып табылатын, Консультативтік кеңестің төрағасы Консультативтік кеңесті басқарады.

9. Консультативтік кеңестің төрағасы:

Консультативтік кеңестің жұмысына басшылық етеді;

Консультативтік кеңес қызметінің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды дайындайды;

Консультативтік кеңестің отырыстарын жүргізеді;

Консультативтік кеңес хатшылығының жұмысына басшылық етеді;

Консультативтік кеңес шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

5. Консультативтік кеңестің мүшелері

10. Консультативтік кеңес мүшелерінің жұмысы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

11. Консультативтік кеңестің мүшелері Консультативтік кеңестің отырыстарына жеке өздері қатысады.

12. Консультативтік кеңестің мүшесі Консультативтік кеңес төрағасының атына хатшылыққа жазбаша өтінішті ұсына отырып оның құрамынан шығады.

Консультативтік кеңестің мүшесі хатшылыққа өтінішті берген күнінен бастап шығарылған деп танылады.

13. Төраға Консультативтік кеңестің мүшелерімен келісім бойынша мүшені Консультативтік кеңестің құрамынан мынадай негіздер бойынша шығарады:

1) Консультативтік кеңестің жұмысына және Консультативтік кеңес қабылдаған шешімдерді орындауға кедергі келтіретін іс-қимылдарды жасаған үшін;

2) Консультативтік кеңес қызметінің беделін түсіретін іс-қимылдарды жасаған үшін.

6. Консультативтік кеңестің өкілеттіктері

14.Өз қызметі барысында Консультативтік кеңес;

1) салықтық және кедендік бақылауды жүзеге асыру бойынша, оның ішінде талдау, ақпараттық материалдар және өзге де құжаттар түрінде ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлейді және қарауға енгізеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік кірістер органдарынан, өзге мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ ұйымдар мен жеке тұлғалардан Консультативтік кеңестің міндеттерін орындау үшін қажетті материалдарға сұрау салады және алады.

7. Консультативтік кеңестің жұмысын қамтамасыз ету

15. Консультативтік кеңестің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін комитет жұмыскерлерінің құрамынан хатшылық қалыптастырылады. Хатшылық Консультативтік кеңестің төрағасы тағайындайтын хатшыны айқындайды.

16. Хатшылық:

1) Консультативтік кеңестің отырыстарына материалдар дайындайды, олардың қорытындылары бойынша хаттамаларды жүргізеді,

2) Консультативтік кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша азаматтар мен ұйымдардан ұсыныстар мен өтініштер қабылдайды.

3) Консультативтік кеңестің мүшелері мен басқа ұйымдардың байланысын

және өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

4) Аумақтық мемлекеттік кірістер органдарынан келіп түсетін салық және кеден саласындағы проблемалық мәселелерді Консультативтік кеңестің талқылауын қорытындылайды және ұсынады.

8. Консультативтік кеңестің шешімдері

17. Консультативтік кеңес шешімдері хаттамалармен ресімделеді және ұсынымдық сипатқа ие.

18. Консультативтік кеңестің шешімдері Консультативтік кеңес отырыстарында қабылданады.

19. Консультативтік кеңестің шешімдері Консультативтік кеңеске қатысушылардың жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

20. Әрбір отырыстың қорытындысы бойынша Консультативтік кеңестің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға ықпал ететін нақты конструктивті ұсыныстарды әзірлеу мақсатында Консультативтік кеңестің отырыстарында қаралған проблемалық мәселелерді қорытындылауға негізделген шешім қабылданады.

9. Консультативтік кеңестің жұмыс топтары

21. Консультативтік кеңестің жанынан мына бағыттар бойынша бірлескен жұмыс топтары құрылады:

1) салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру;

2) салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы IT технологиясын жетілдіру;

3) салық және кеден саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мониторингі бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

22. Консультативтік кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметіне жалпы басшылықты Департамент және жеке кәсіпкерлік пен коммерциялық емес ұйымдар субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері тарапынан тең төрағалары жүзеге асырады.

Департамент тарапынан бірлескен жұмыс тобының тең төрағасы ретінде департаменттің басқарма басшысынан төмен емес деңгейдегі лауазымдық тұлға болуы мүмкін.

Жеке кәсіпкерлік пен коммерциялық емес ұйымдар субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері тарапынан бірлескен жұмыс тобының тең төрағасы ретінде, басшысы Консультативтік кеңестің мүшесі болып табылатын бір бірлестіктің басшылық құрамының лауазымдық тұлғасы болуы мүмкін.

23. Бірлескен жұмыс топтарының іс-шаралар жоспарын Консультативтік кеңестің бірлескен жұмыс топтарының тең төрағалары бекітеді.

24. Консультативтік кеңестің бірлескен жұмыс топтарының құрамына Консультативтік кеңестің мүшелері не олардың өкілдері кіруі мүмкін.

25. Бірлескен жұмыс топтарының құрамы Консультативтік кеңестің отырыстарында бекітіледі.

10. Консультативтік кеңес жұмысының тәртібі

26. Консультативтік кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет шақырылады.

27. Консультативтік кеңестің кезекті отырысының күн тәртібін сондай-ақ оны өткізу орнын, уақытын, тәртібін және мерзімін Консультативтік кеңестің төрағасы айқындайды.

28. Консультативтік кеңестің отырыстары Консультативтік кеңес мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде заңды болып саналады.

29. Консультативтік кеңестің отырыстары ашық және жабық болуы мүмкін. Консультативтік кеңестің жабық отырыстарына тек қана оның мүшелері қатысады.